



АЛМАТЫ - 1952

БАҰЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ

ОФИЦЕРДІҢ

*Күнделігі*

56205  
0

КАРАГАНДИЙСКАЯ  
ОБЛАСТНАЯ БИБЛИОТЕКА

ҚАЗАҚТЫҢ  
МЕМЛЕКЕТТІК КӨРКЕМ  
ӘДЕБИЕТ БАСПАСЫ  
АЛМАТЫ—1952

АБОНЕМЕНТ

## ТАНЫСТЫРУ

Оқушы жұртшылығымызға ұсынып отырған «Офицердің күнделігі» атты шағын кітаптың авторы — Совет Армиясының гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының Ұлы Отан соғысы майдандарында көрсеткен ерліктері бүкіл совет халқына мәлім. А. Бектің «Арпалыс» атты романын. М. Ғабдуллиннің «Менің майдандас достарым» атты очерктерін, генерал Панфилов атындағы даңқты гвардия дивизиясы туралы жазылған жүздеген әңгіме, мақала, очерктерді оқыған әрбір совет азаматына полковник Б. Момышұлының басынан өткен уақыттарды мақала тілімен баяндау орынсыз сыяқты болып көрінетіні де рас. Бірақ, оқушыларымызға бұрын көркем шығармалардың геройы ретінде таныс Бауыржанды, бұл жолы көркем шығарманың авторы ретінде таныстыру үшін, оның өмірбаяны туралы қысқа мәлімет бере кетуді орынды көрдік.

Бауыржан Момышұлы 1910 жылы қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысындағы Жуалы ауданында, Алатау бөктеріндегі Мыңбұлақ деген

жерде туған. Жасында Жамбыл қаласындағы интернатта тәрбиеленіп, сондағы орта мектепті бітіргеннен кейін бірнеше жыл бойына өз ауданында, Қазақстанның астанасы Алматы қаласында, мекеме қызметінде болады.

1936 жылы Бауыржан Момышұлы Совет Армиясының қатарына шақырылады. Содан бергі 15 жыл ішінде ол қатардағы солдаттан гвардия полковнигі дәрежесіне шейін есті.

1941 жылы, Ұлы Отан соғысы басталғанда, Бауыржан Алматыда, әскери қызметте, аға лейтенант болатын. Сол жылдың жазында Алматыда ұйымдасқан даңқты гвардия дивизиясында алғашында батальон командирі, кейін сол дивизияның даңқты Талғар полкінің командирі болды. А. Бек романында суреттелетін Москва түбіндегі ұрыстардағы Б. Момышұлы басқарған Талғар полкінің жауынгерлері көрсеткен ерлік — өмір шындығы. Отан соғысының соңғы жылдарында (1944—1945) Б. Момышұлы гвардия дивизиясының командирі болды. Соғыс жеңіспен аяқталғаннан бастап Б. Момышұлы Совет Армиясы бас штабының академиясына оқуға түсіп, оны бітіріп шықты,

Бауыржан соңғы жылдары әскери мамандығын арттырумен қатар, қалам қайраткері болу талабына да зер салып жүр. Оның соғыс жылдарында жазған күнделіктері, солдат өмірінен туған мақал-мәтелдерден іріктеп алғандары, майдан өмірінің елеулі уақығаларынан жазған көркем очерк, әңгімелері орталық және республикалық газет, журналдар бетінде басылып жүргені көпшілігімізге мәлім. Бауыржанның қолжазбалары көп. Олар-

дық көпшілігі орыс тілінде жазылған еңбектер. Бірқатар шығармаларында Бауыржан Совет Армиясының қатарында қызмет ететін жастарды батырлық ден батылдыққа, төзімділік пен тәртіптілікке, тапқырлық пен табандылыққа қалай үйрету керек деген мәселелерді көтереді. Бауыржан өзінің «Офицер дәптері» атты қолжазбалары туралы: «Көрген-білгенімді, өмір шындығынан туған ой-пікірімді қағаз бетіне түсіргенде, мен өзімді қаламы төселген жазушы болдым деп жүргенім жоқ, менің жазғандарым жазушыларға материал болса да жеткілікті», — дейді. Бірақ бұдан автордың өз еңбектері бөгде кісінің көмегінсіз жариялауға жарамайды деген ұғым тумайды. Оған осы кітап айғақ.

Бұл кітапқа кірген әңгімелер мен очерктер қаламы төселген жазушының шығармасы емес тігі де даусыз. Сонымен қатар, бұл еңбектердің әрқайсысынла өмір шындығы, солдат сыры, отанын сүйген адамның жан сезімі бар. Бұл шығармалар мыңдаған совет солдаттың тағдырына жауапты командирдің демалыс уақытында ғана жазылған, совет командирінің ауыр борышын атқару жолындағы арпалыспен араласа туған, автордың өз сөзімен айтқанда, «аттың жалында, автоматтың жанында» жазылған еңбектер.

Біз Бауыржанның қалың дәптерінің ішінен алынған қолжазбаларын бөлек кітап етіп ұсынғанда, оқушы жұртшылығымыз осы айтылған ерекшеліктерін ескерер деп сенеміз.